

«БЕКТЕМІН»



Қызылорда медициналық жоғары
колледжінің директоры

Ж.А. Калмакова

« 08 » 01 20 16 ж

ЕДЕН ЖУУШЫНЫҢ ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҚТАРЫ

1. Жалпы ереже

1.1. Еден жуушы техникалық категориядағы мамандарға жатады, қызметте шаруашылық бөлімінің жетекшісіне бағынады.

1.2. Еден жуушы лауазымына колледж директоры тағайындайды және босатады.

1.3. Еден жуушы өз жұмысында:

- қызметтік, тұрмыстық немесе тұрғын үй-жайларды ұстауға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілері;

- колледждің өкімдік құжаттары мен нұсқамаларын;

- колледж еңбек тәртібінің ережелерін;

- осы лауазымдық нұсқаулықты басшылыққа алады.

1.4. еден жуушы білуі керек:

- қаулы, өкім, бұйрық, басқа басшы органдардың және қызметтік тұрмыстық, тұрғын үй құрылысына қатысты жоғары органдардың нормативті құжаттарын;

- еңбекті ұйымдастыру негіздерін;

- ішкі еңбек тәртібі қағидасын,

- еңбек қорғау ережесін;

- өрт қауіпсіздігінің талаптары

- тазалық сақтау орындарында санитарлық -гигиеналық нормаларды қолданыстағы құралдардың құрылымы мен пайдалану ережесін білу;

- залалсыздандыру және жуу ертіндісінің концентрациясының және қолданылуын білу.

2. Біліктілікке қойылатын талаптар:

Біліміне және жұмыс өтіліне талап қойылмайды.

3. Қызметтік міндеттері:

Еден жуушының жұмыс орнындағы міндеттері:

- Бөлмелерді, дәліздерді, баспалдақтарды тазалау;
- Жиһаздардың шаңын сүрту, қабырға, еден, баспалдақ, терезелерді жуу, сүрту;
- Қоқыс пен қалдықтарды арнайы орындарға жинату;

- Қоқыс пен қалдықтар тасталатын орынды уақытылы тазалау мен залалсыздандыру;
- Киім қабылдайтын және тағы басқа көпшілік пайдаланатын орындарды залалсыздандырылған ерітінділермен жуып отыру.
- Жуғыш заттар, шүберектерді уақытылы алу. Жиналатын орындардың санитарлық-гигиеналық талаптарын қадағалау.
- Колледж тарапынан берілген құрал-жабдықтарын мақсаты бойынша пайдалануға және сақтауға жауапты.

Жұмыс барысында төтенше жағдайдан сақ болу үшін төмендегі қауіпсіздік ережелері сақталсын:

- Жұмыс алдында тазалықшы техника қауіпсіздік нұсқауларын отуге міндетті.
- Еденді жуу алдында алдымен ылғал шүберекпен тазалаған жөн, өйткені жарықшақ немесе сынық қалдықтарынан қолды жарақаттап алмауы үшін арнайы киімдер, аяқ киімдер және сақтандыратын (резеңке кебіс, резеңке алжапқыш, резеңке қолғапты) қолдану қажет.
- Электрприборларды тазалау кезінде тоқтан ажырату керек.
- Электрокайнатқыштарын қолданатын кезде тұрмыстық электрлі су ысытқышты суға толығынан салуға болмайды. (арнайы қолғаптармен, аяқ киімдермен жұмыс істеу керек).
- Ғимарат ақтау кезінде электр өткізгішті алдын-ала тоқсыздандыру, электр аспаптарды алдын-ала тоқтан ажырату керек.
- Электр аспаптарын сөндіретін алдында; плитка, кір жуғыш машинасы, үтіктерді және т.б. электрлік приборларды ылғалсыз құрғақ қолмен ұстау қажет.
- Тамақтану және сұйықтықтарды қабылдау тәртібін сақтау.
- Жинауға жататын қауіпті орындар және жабдықтау орындарын білу: электропатрондар, розеткалар, электромоторлар, қышқылдардың сақтау орындары, жанатын заттардың сақтық өлшемдерін сақтау.
- Өртке қарсы сақтық инвентарьларды шаруашылық мұқтаждықтары үшін қолдануға тыйым салынады.
- Тұрмыстық химиялық заттарды қолдану кезінде қатаң тәртіпті сақтау қажет. Шыны ыдыстарды өңдеу ережелері бойынша қатал сақтау қажет, агрессивтік сұйықтықтардан ыдыстарды ағын сумен жуу керек.
- Жұмыс аяғында жұмыс инвентарьларын жинау, газ, жарықты өшіру, қақпалы крандарды, су құбырларын жауып кетуді ұмытпау.
- Бөлме тазалығын қадағалау. Еденге түскен, төгілген сұйықтарды т.б. қалдықтарды жинау, оның болмауын қадағалау.
- Бөлме тазалау негізінде щетканы, қалақты, шүберекті қолдану, кешкілік уақытта тазалау жұмысын жүргізбеу. Сонымен қатар әкімшіліктен бөлменің жарық болуын сұрау.
- Тазалау кезінде қолмен қалдық заттарды ұстамау.

- Еден жууға арналған ыстық судың беті жабулы болуы қажет, шелектің қақпағы болмаған жағдайда судың деңгейі шелектің 3-4 көлемін алу керек.
- Еден жуу кезінде, едендегі шеге немесе тікеннен абай болу керек.
- Еден жуу кезінде жылы суы бар шелекке 100 граммнан аспайтын хлорланған ертіндіні дайындау.
- Кір жуғыш машинаның бөліктерін толық тоқтағаннан кейін және тоқтай ажыратқаннан кейін сүртіңіз.
- Шүберекті арнайы орынға қойыңыз. Электроаппараттар мен электр құралдарын тазалау кезінде ток көзінен ажыратыңыз.
- Жұмыс соңында тазаланған әр зат өз орнында тұру қажет.
- Егер сізде қауіпті жағдай болса, жедел түрде хабарлау және көмек сұрау, акті жасау қажет.

Мекеменің ішкі тәртібіне сәйкес, осы нұсқау орындамаған жағдайда тәртіптік кеңесте қаралады.

4. Құқықтары

- 4.1. Колледжде іске асырылуға тиіс жұмыстың жобасымен танысуға;
- 4.2. Лауазымдық нұсқамада көрсетілген жұмысын одан әрі дамыту жөнінде басшылыққа ұсыныс беруге;

5. Жауапкершіліктері

- 5.1. Осы лауазымдық нұсқаулықта көзделген өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасында белгіленген шекте жауапты.
- 5.2. Өз қызметін жүзеге асыру процесінде жасалған құқық бұзушылықтар үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңнамасында айқындалған шекте жауапты.
- 5.3. Материалдық залал келтіргені үшін - Қазақстан Республикасының қолданыстағы Еңбек және азаматтық заңнамасымен белгіленген шекте жауапты.
- 5.4. Оған сеніп тапсырылған техникалық және материалдық құралдар үшін жауапты.
- 5.5. Жұмыстарды орындаудың жай-күйі туралы дұрыс ақпарат беруге міндетті.
- 5.6. Басшылықтың бұйрықтарын, өкімдері мен тапсырмаларын орындамау.
- 5.7. Еңбек тәртібін, қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және гигиена ережелерін, өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтамау немесе тиісінше орындамау.

Нұсқаулықпен таныстым, бір данасын алдым және жұмыс орнымда сақтаймын.

(қолы)

(Аты, жөні, тегі)

